20552869812

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 27 қараша № 1013-23-00-2/1444 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т. Ергалиеваның,
сот отырысының хатшысы М.С.Серикбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Назарбеков А.Б.» Анарбай Бакытжанович Назарбеков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Жакин Дамир Дулатович.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

26.06.2023 жылы жауапкер мен талапкер 2 дана электрлі, көпайналмалы, қақпаға арналған жетегілерді мемлекеттік сатып алу туралы келісімшартқа отырды. Шарттың құны 310 000 теңге, таурлар келісімшарт жасалған соң 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізілуге тиіс.

Тауарлар уақытылы жеткізілмеген соң, талап қоюшы сотқа талап арызбен жүгінген. 14.07.2023 жылы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Өнім берушіге шарт бойынша міндеттемелерді бұзу туралы талап-хат жолданған.

08.08.2023 жылы шарт талаптары орындалмауына байланысты шарт бұзылған.

Сот отырысында талап-қоюшының өкілі талап-арызды қолдап, қанағаттандыруды сұрады. Жауапкер талап-арызға пікір жолдамады.

Жаупкерге сот отырысы туралы тиісті түрде хабарланғанына қарамастан сот отырысына өкілін жолдамады. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодекстің 196 бабына сәйкес сот азаматтық істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4, 5 бөліктеріне сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі:

1) біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

5. Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 04.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2024, судья Ергалиева А. Т., 05.01.2024

1013-23-3-1/1579

қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады.

Талапкер талап қою мерзімін сақтаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай АК) 349 бабының 1,2 бөліктеріне сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Міндеттемені бұзғандық үшін борышқорды жауапқа тарту несие берушінің талап етуі бойынша жүргізіледі.

Өнімді жеткізуші өзінің міндеттерін тиісінше орындамағаны сотта анықталған және іс-құжаттарымен расталады.

АК-нің 359-бабының 2 бөлігіне сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Жаупкер шарт талаптарын кәсіпкерлік қызмет аясында орындауға міндеттенген, яғни бой бермейтін күш орын алған жағдайлардан басқа барлық кезде азаматтық жаупқа тартылуға жатады. Осы себепті жауапкер мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады, талап-арыз осы бөлігінде қанағаттандырылуы тиіс.

АК-нің 293-бабының борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Келісімшарттың 7.3 бабына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл,

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 04.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2024, судья Ергалиева А. Т., 05.01.2024

өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Шарттың жалпы сомасы 310 000 тенге, осыны негізге ала отырып, мерзімі өткен бір күн үшін тұрақсыздық айыбының сомасы 310 000 (теңгені құрайды. Өнім беруші 12.07.2023 жылдан бастап 08.08.2023 жылға. дейін шарт бұзылғанға дейін 28 күн көлемінде тауарды жеткізу мерзімін бұзуға жол берген, осыған байланысты тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы 8 680 теңгені 00 тиын (310.00*28) құрайды.

Тұрақсыздық айыбының есебі мен көлемі орынды және талап-арыз тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігінде қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабына сай мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Назарбеков А.Б.» Анарбай Бакытжанович Назарбековқа қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап-арызы толығымен қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Назарбеков А.Б.» Анарбай Бакытжанович Назарбеков мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Назарбеков А.Б.» Анарбай Бакытжанович Назарбековтан мемлекет пайдасына 8 680 (сегіз мың алты жүз сексен) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Назарбеков А.Б.» Анарбай Бакытжанович Назарбековтан мемлекет пайдасына 1 985 (бір мың тоғыз жүз сексен бес) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, осы сот арқылы, Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 04.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 05.01.2024, судья Ергалиева А. Т., 05.01.2024
1013-23-3-1/1579

Судья **А.Т. Ергалиева**

Көшірмесі дұрыс,
Судья **А.Т. Ергалиева**

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 04.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2024, судья Ергалиева А. Т., 05.01.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

1013-23-3-1/1579